

ЖЕМ -

№27 (7887) 9 шілде, Бейсенбі 2026 жыл



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық

мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

Akorda.kz

Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Akorda.kz

Ауыл тынысы

ӨНЕР ӨРІЛГЕН АУЫЛ КЕШІ

Аудан көлемінде өтіп жатқан ауыл күндері елдік пен бірліктің, еңбектің, өнердің және ұлттық тәрбиенің қайнар көзі секілді құндылықтарды ұлықтап, әр елді мекеннің өзіндік тарихын, еңбекпен өрілген тағдырын, өнері мен өнегесін жұртшылыққа таныстыруды мақсат етеді. Осындай тағылымы мол шаралардың бірі – Миялы ауылдық округінің мерекелік кеші болды. Ұлттық рухты асқақтатқан, өнер мен мәдениетті, спорт пен қолөнерді тоғыстырған мазмұнды бағдарлама ауыл тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, елдің ауызбіршілігін тағы бір мәрте айшықтады.

Мерекелік кеште аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ерметай Қарабасов пен Миялы ауылдық округінің әкімі Исатай Ауданбайұлы сөз сөйлеп, ауыл күндерінің маңызына тоқталды. Олар ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін насихаттайтын осындай игі шараларға қатысып, қолдау білдірген аудан жұртшылығына ризашылықтарын жеткізді.

Шара барысында Миялы ауылының қалыптасу тарихына да шолу жасалды. Елді мекеннің

іргесінің қалануына үлес қосқан, бүгінде тоқсан жастан асқан Мұхамбет Молдазиннің есімі ерекше құрметпен аталды. Сондай-ақ оқу ісінің үздігі, ауданның Құрметті азаматы Әлжан Құрманғалидың еңбегі де көпшілікке үлгі ретінде айтылды.

Бүгінде Миялы ауылдық округінің құрамына Миялы және Диар ауылдары кіреді. Округте 141 тұрғын үй бар, халық саны – 750 адам. Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі – ауыл шаруашылығы, әсіресе мал және егін шаруа-

шылығы. Осы салаларда табысты еңбек етіп, елдің құрметіне бөленген азаматтар аз емес.

Мерекелік кеште ауылдың еңбек адамдары ерекше ілтипатпен аталды. «Құрмет» грамотасының иегерлері Мырзабай Бабасов, Мақсым Әжіғұлов, Төрмұрат Әлипов, Қалыбек Ивановтың есімдері айтылса, Сағынбай Ілесов, Наурызбай Оразымбетов, Есет Есенғосов пен Мырзабай Бабасовтың бау-бақша шаруашылығындағы табыстары облыс көлемінде танылғаны атап өтілді.

Миялы – спорт саңлақтарын тәрбиелеп отырған ауылдардың бірі. Еркін күрестен спорт шеберлері Нұржауған Жаниязов пен Жеңіс Жартыбаев, бодибилдингтен Қазақстан чемпионы Сағдат Салманов, қазақ күресінен «Жас барыс» турнирінің жеңімпазы Мирасбек Мұхитов, жеңіл атлетикадан облыс жүлдегері Лунара Азаматқызы, қол күресі мен волейболдан аудан жеңімпазы Нұргүл Жакенова, қазақ күресінен аудандық спартакиада жеңімпазы әрі облыстық халық ойындарының жүлдегері Абылайхан Айтуған, қол күресінен облыстық халық ойындарының жеңімпазы Лунара Бүркімбаева, қазақ күресінен жүлдегер Қаныбек Жолдасов, аудандық

САҒЫЗ



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Құттым Қасенов – 80 жас

ШЕБЕРЛІКПЕН ЖАСАЛҒАН ҒҰМЫР

Жуырда ауданға белгілі ағаш шебері, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Құттым Қасеновтің 80 жылдық мерейтойына арналған «Шеберлікпен жасалған сұлулық» атты тағылымды кездесу кеші өтті.

«Шаңырақ» отбасын қолдау орталығында ұйымдастырылған шараға аудан тұрғындары, еңбек ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, қолөнер шеберлері мен жастар қатысты. Кештің басты мақсаты – ғұмырын ұлттық қолөнерді дамытуға арнаған азаматтың еңбегін дәріптеп, кейінгі буынға өнеге ету болды.

Мерейтой кешін аудан әкімі Айбек Көпенов ашып, мерейтой иесіне ізгі тілегін жеткізді. Ол Құттым Қасенұлының ұлттық қолөнерді насихаттауға, ауданның рухани-мәдени өмірін дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті. Сонымен бірге Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың құттықтау хатын табыстады.

Кездесуге арнайы келген облыстық мәслихат депутаты К.Төлеуова, ауылшаруашылық, білім саласының үздігі, Байғанин ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегері, «Бестау-2015»



зарына ұсынылды. Көрмеде ұлттық нақыштағы сандықтар, ыдыс-аяқтар, сәндік бұйымдар мен тұрмыстық заттар қойылып, келушілер шебердің қолтаңбасына тән нәзік талғам мен жоғары шеберлікке куә болды.

Еркін форматта өткен кездесуде Құттым Қасенұлы өмір жолынан

Іс-шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары Ибраһим Ермекбаев мерейтой иесіне «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Ө.Құсайыновтың және Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы



ЖШС директоры Ж.Қалқаманов құттықтау сөз сөйледі. Қонақтар Құттым атамен алғашқы таныстықтарымен бөлісіп, қаншалықты шебер, абыройлы жан болса, соншалықты қонақжай, мырзалығын тілге тиек етіп, мереке иесін мерейлі мерейтойымен құттықтады.

Кеш аясында шебердің өмір жолы мен шығармашылығына арналған фотокөрме ұйымдастырылып, ағаштан жасалған бірегей бұйымдары көпшілік на-

сыр шертіп, ағаш өңдеу өнеріне қалай келгенін, әкесінен көрген тәрбиесі мен өмірлік тәжірибесін әңгімеледі. Сондай-ақ ұлттық қолөнердің тәрбиелік мәні, ата кәсіпті сақтаудың маңызы және ел ішінде «Тәкен» есімімен танылуының тарихы жөнінде әсерлі естеліктерімен бөлісті. Оның әрбір сөзі жастарға еңбекқорлықтың, сабыр мен төзімнің, ұлттық мұраны құрметтеудің мәнін ұғындырған тағылымды әңгімеге айналды.

С.Шаңғұтовтың құттықтау хаттарын табыстады. Ақсақалдар ақ батасын беріп, жүрекжарды лебіздерін жеткізді.

Құттым Қасенұлы Қасенов – өз қолымен ағашқа жан бітіріп қана қоймай, ұлттық өнердің өмір-шендігін дәлелдеп келе жатқан жан. Оның еңбегі – уақытпен өлшенбейтін құндылық, ұлт мәдениетінің алтын қорына қосылған үлес.

«Жем-Сағыз» ақпарат



және облыстық жарыстардың жеңімпазы Алматы Ақпелесов көпшілікке таныстырылды.

Сондай-ақ бір спортынан спорт шеберлігіне үміткер, аудан және облыс чемпионы Булат Жанқанаттың, екі дүркін Қазақстан чемпионы, Азия чемпионаттарының күміс қола жүлдегері, Сербияда өткен әлем чемпионатының қатысушысы Мәди Аққазовтың, Қазақстан чемпионатының жеңімпазы, Азия чемпионатының күміс же-

не қола жүлдегері Мейірбек Өтегеннің және аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпазы, 2026 жылғы ересектер арасындағы халық ойындарының қола жүлдегері Данияр Бурабаевтың жетістіктері де зор мақтанышпен айтылды. Бұл есімдер ауыл жастарына үлгі болатын азаматтардың қатары екенін көпшілік ерекше ықыласпен қабылдады.

Кештің мерекелік бағдарламасы ән мен күйге ұласып, жергілікті өнерпаздардың өнерімен

жалғасты. Өсем әуен мен ұлттық нақыштағы қойылымдар көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, ауыл кешінің сәнін кіргізді.

Ұлттық спорт түрлерінен өткен сайыстар да көпшіліктің қызығушылығын оятты. Қатысушылар күш-қайраты мен ептіліктерін сыңға салып, жанкүйерлердің қолдауына ие болды. Мұндай жарыстар жастардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын дәріптеуге бағытталғанын айқын көрінісі болды.

Кештің ажарын ашқан көрмелердің бірі – қолөнер шеберлерінің туындылары еді. Ұлттық нақыштағы бұйымдар мен көздің жауын алатын қолөнер жұмыстары ата-баба мұрасын дәріптеп, келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде жергілікті кәсіпкерлер мен тұрғындар өз өнімдерін ұсынып, адал еңбектің жемісін көпшілік назарына шығарды.

Шара соңында ауылдық қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген азаматтар мен өнерпаздардың еңбегі лайықты бағаланып, алғыс білдірілді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Спорт алаңы



ЖАС БАЛУАННЫҢ ЖЕҢІСІ – ТУҒАН ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ

Таиландта еркін күрестен U15 жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында ел намысын абыроймен қорғап, қола жүлдеге ие болған ақтөбелік жас балуан Бибарыс Түзелбаев туған жеріне жеңіспен оралды. Байганин ауданының тумасы халықаралық аренадағы алғашқы ірі жарыстарының бірінде-ақ жүлдегерлер қатарынан көрініп, туған өлкесінің ғана емес, тұтас қазақ спортының мерейін үстем етті.

Бибарыс чемпионатта 57 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, жоғары шеберлігі мен қайсар мінезін арқасында Азия чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алды. Бұл – жас спортшының халықаралық деңгейдегі алғашқы үлкен жетістігі. Бұған дейін, осы жылдың мамыр айында, ол жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионы атанып, Азия біріншілігіне жолдама алған болатын.

Бұл жеңістің мәні медальмен ғана өлшенбейді. Бибарыс – өткен жылы ерлікпен қаза тапқан ақтөбелік бапкер Нұрбол Бердғалиевтің төл шәкірті. Ұстазының тәлімі мен аманатын жүрегіне түйген жас балуан бүгінде жаттықтырушы Лиус Калиевтің жетекшілігімен дайындалып, сол сенімді халықаралық аренада ақтай білді. Осылайша ерлік пен жеңіс сабақтастығы жалғасып, ұстаз арманы шәкірті арқылы орындалғандай әсер қалдырды.

Азия чемпионатының жүлдегерін аудан жұртшылығы ерекше ықыласпен қарсы алды. Аудан орталығында өткен салтанатты шараға аудан әкімдігі,

мәдениет және спорт бөлімі, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы, Көлтабан ауылдық округінің өкілдері, спорт жанашырлары мен тұрғындар қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев аудан әкімінің атынан Бибарыс Түзелбаев пен оның жаттықтырушысы Лиус Калиевке Алғыс хат табыстап, ел мерейін асқақтатқан жетістіктері үшін ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ аудан кәсіпкерлерінің демеушілігімен жас спортшы мен оның бапкеріне қазақтың ежелгі дәстүрімен жылқы мінгізіліп, Көлтабан ауылдық округі атынан қаржылай сертификат табыс етілді.

Жас балуанға көрсетілген құрмет – спорттағы жеңіске ғана емес, еңбекке, табандылыққа және ұстаз еңбегіне берілген жоғары баға. Бибарыстың бұл табысы Байганин ауданындағы жас спортшыларға жаңа серпін беріп, үлкен мақсаттарға ұмтылуға жігерлендіретіні сөзсіз.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Заң және тәртіп

АУДАНДА БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Қазіргі таңда құқық қорғау саласында заманауи цифрлық технологияларды енгізу қылмыстың алдын алуда, жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейтуде және қоғамдық тәртіпті сақтауда маңызды құралға айналып отыр. Ал ауданда жүзеге асып жатқан бейнебақылау жүйесін жаңғырту жұмыстары, оның мүмкіндіктері мен алдағы жоспарлары жөнінде аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Темірбек Нұрғалиев айтып берді.

Соңғы жылдары еліміздің көптеген өңірлерінде «ақылды қала» жобалары аясында бейнебақылау жүйелері кеңінен енгізілсе, бұл үрдіс ауданымызда да қарқын алып келеді.

Көшелерге орнатылған бейнекамералар тек оқиға болғаннан кейінгі дәлел ретінде ғана емес, құқық бұзушылықтың алдын алатын тиімді тетік саналады. Камераның бар екенін білетін азаматтардың заң талаптарын сақтауға деген жауапкершілігі артады. Сонымен қатар жол-көлік оқиғаларын азайту, қоғамдық орындардағы тәртіпті бақылау, іздеуде жүрген тұлғаларды анықтау және полицияның жедел әрекет етуіне мүмкіндік беру – жаңа жүйенің басты артықшылықтарының бірі.

Бүгінде аудан аумағында барлығы 98 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 18-і бұрыннан жұмыс істеп келген және аудан әкімдігінің қолдауымен қойылған камералар болса, биыл Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоспары аясында қосымша 80 жаңа камера орнатылуда. Оның ішінде бес камера жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайтын арнайы жүйемен жабдықталған. Қалған 75 бейнекамера аудан орталығына орналастырылуда.

Полиция басшысының айтуынша, камераларды орналастыру кезінде ең алдымен адамдар көп жиналатын қоғамдық орындар мен көше қиылыстарына басымдық берілген. Себебі дәл осындай аумақтарда қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Жаңа бейнебақылау жүйесінің негізгі мақсаты – көшелер мен қоғамдық орындарда қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу, жол-көлік оқиғаларын азайту, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды дер кезінде анықтау. Камералардың техникалық мүмкіндігі 1,5 шақырымға дейінгі



аумақты бақылауға мүмкіндік береді. Бұл полиция қызметкерлерінің оқиғаға жедел ден қоюына және құқық бұзушыларды анықтау тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта орнатылған камераларды толық іске қосу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Барлық техникалық жұмыстар аяқталғаннан кейін жүйе толық қуатында жұмыс істейтін болады.

Бейнебақылау камералары тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсетеді. Жүйеде сақталатын бейнежазбалар екі айдан астам уақыт архивте сақталып, қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарының қызметінде дәлел ретінде пайдаланылады.

Жаңа жүйенің тағы бір ерекшелігі – оның автоматтандырылған функциялары. Камералар көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлерін автоматты түрде анықтай алады. Егер жүргізуші жол қозғалысы ережесін бұзса, құқық бұзушылық туралы хабарлама көлік иесінің ұялы телефонына жолданады. Ал адамдардың бет-бейнесін тану функциясы бұл жүйеде қарастырылмаған.

Темірбек Сөбітұлының айтуынша, ауданның қауіпсіздігін одан әрі арттыру мақсатында алдағы уақытта бейнебақылау камераларының санын кезең-кезеңімен көбейту жоспарланып отыр. Бұл қоғамдық тәртіпті нығайтып қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және заманауи цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға жол ашады.

Өйгерім КАРИМАН



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады. Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады. Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс. Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі. Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады. 2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді. Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады. Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады. Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді. Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді. Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Қолөнершілер күні

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН ШЕБЕР

Қазақтың болмысын танытатын асыл құндылықтар аз емес. Солардың қатарында қасиетті қара домбыра, өр мінездің белгісіндей болған қамшы, қыстың қақаған аязына қалқан болған қазақты тымпақ ерекше орын алады. Бұл – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен бірге қалыптасқан, ұлттың рухын, дүниетанымы мен талғамын айшықтайтын баға жетпес мұра. Осындай ата кәсіпті заман талабына сай жаңғыртып, ұлттық өнерді өмірінің мәніне айналдырған жандардың бірі – Амангелді Ецанов.



да қамшының ұшы шашақпен немесе бүлдіргімен әрленіп, барлық бөңшегі үйлестіріліп бекітіледі.

– Қайысты дайындау мен өрім өру – ең көп уақыт алатын әрі аса ұқыптылықты қажет ететін жұмыстар. Өр өрімнің өз мәні, өз ерекшелігі бар. Сондықтан қамшы жасау – жай ғана қолөнер емес, үлкен жауапкершілік, – дейді шебер.

Оның айтуынша, қамшы – қазақ халқының дәстүрлі бұйымдарының бірі. Ол тек мал айдауға арналған құрал емес, күнделікті тұрмыста, салт-дәстүрде, сәндік мақсатта және ұлттық спорт түрлерінде кеңінен қолданылған. Қазақ арасында ат қамшы, дойыр қамшы, сылқ өтер қамшы, бишік, көкпар қамшысы, бөйге қамшысы секілді түрлері кездеседі. Әрқайсысының өзіндік қызметі мен ерекшелігі бар.

Шебер үшін қамшы – еркіндіктің, ер азаматтың абыройының, батырлықтың және ұлттық дәстүрдің символы. Сондықтан әр бұйымды жасағанда оның сапасына ғана емес, тарихи сипаты мен ұлттық нақышының сақталуына ерекше көңіл бөледі.

– Қамшы – қазақтың рухын танытатын қасиетті бұйым. Біз ата-бабадан жеткен мұраны жалғастырып қана қоймай, оның мәнін кейінгі ұрпаққа түсіндіруіміз керек. Әр қамшының артында ғасырлар бойы қалыптасқан тарих жатыр, – дейді Амангелді Мұханбетжанұлы.

Соңғы жылдары ұлттық бұйымдарға деген қызығушылықтың артып келе жатқанын шебер қуанышпен айтады. Бүгінде қамшының ұлттық дәстүрді құрметтейтін азаматтар ғана емес, жылқы шаруашылығымен айналысатындар, көкпаршылар, аударыспақ пен


теңге ілуге қатысатын спортшылар, мал шаруашылығы өкілдері жиі тапсырыс береді. Сонымен қатар мерейтой иелеріне, қадірлі қонақтарға ұлттық сыйлық ретінде алушылардың қатары көбейген. Бұл – халқымыздың ұлттық құндылықтарға деген құрметінің артып келе жатқанының айқын көрінісі.

Қамшыдан бөлек, Амангелді Мұханбетжанұлы түпкі терісінен қазақты тымпақ тігумен де айналысады. Табиғи теріден тігілетін тымпақтар дәстүрлі үлгіде дайындалып, қазақы нақышы сақталады. Оның айтуынша, тымпақ – тек қысы бас киім ғана емес, халқымыздың табиғатпен үндес өмір салты мен ұлттық дүниетанымын бейнелейтін құнды мұра. Сондықтан әр тымпақтың сәніне ғана емес, сапасы мен жылылығына да айрықша мән беріледі.

Ұлттық өнерді насихаттау оның қолөнерімен ғана шектелмейді. Көпшілік бас қосқан мерекелік шараларда асабалық етіп, қазақты салт-дәстүрді дәріптейтін мазмұнды көштер жүргізеді. Ал балабақшадағы музыка пәнінің маманы ретінде бүлдіршіндердің бойына ұлттық ән-күйді сіңіріп, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға күш салып келеді. Оның пікірінше, ұлттық тәрбиенің іргетасы балалық шақтан қаланады.

– Мен үшін қамшы өру де, тымпақ тігу де, асабалық та, музыка да – бір мақсатқа қызмет етеді. Ол – қазақтың ұлттық мәдениетін дәріптеу. Өкемнен үйренген ата кәсіпті жалғастырып, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу – азаматтық парызым. Ұлттық өнер сақталса, ұлттық рухымыз да сақталады. Қазір ұлттық қолөнерге қызығатын жастар көбейіп келеді. Қамшының тарихын, жасалу ерекшелігін білгісі келетін азаматтар да жиі кездеседі. Бұл – қуантарлық жағдай. Мен осы өнерді меңгергісі келетін жастарға өз тәжірибеммен бөлісуге әрдайым дайынмын. Қайысты дайындаудан бастап, өрім өрудің қыр-сырын үйретемін. Болашақта арнайы үйірме немесе шеберлік сабақтарын өткізуді жоспарлап жүрмін. Өнердің өмірі – оның жалғасында. Ұлттық мұра ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жеткенде ғана өзінің құнын жоғалтпайды, – дейді қолөнер шебері.

Өйгерім ӘНУАРБЕК



Байғанин ауданындағы аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Байғанин ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Байғанин ауданының аумақтық сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д. Қонаев көшесі, 37, 210А кабинет, тел.: 8 (71345) 23-6-53.

Комиссия төрағасы - Жанбырбаев Жанболат Жанесенович
Төрағаның орынбасары - Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы
Хатшысы - Бакбергенов Жигер Аманжолович
Комиссия мүшелері:
Дербісов Сәндібай Әділұлы
Қожин Елтай Балтабайұлы
Мусина Рысты Ақарысовна
Ноғаев Нұрбақыт Муханбетұлы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:
күн сайын сағат 09.00-18.00, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00

Байғанин аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Байғанин ауданындағы учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Байғанин ауданының учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

№191 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарауылкелді ауылы, Қазақстан көшесі, №86, «№3 Қарауылкелді орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71345) 22-7-39
Комиссия төрағасы - Қазанбаев Амандық Иванұлы
Төрағаның орынбасары - Жумабаева Зада Сайлаубайқызы
Хатшысы - Тынышбаева Лиза Жакиповна
Комиссия мүшелері:
Қопаев Ағабек Жарасұлы
Кесік Кенжеғали Аманұлы
Күлбекова Гулшат Сериковна
Танкина Жанар Исентемировна

№ 192 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарауылкелді ауылы, Барақ батыр көшесі, №52, Байғанин аудандық мәдениет үйі» ҚМК ғимараты, телефон: 8(71345) 23-0-10
Комиссия төрағасы - Кулжанов Шингис Ондасинович
Төрағаның орынбасары - Елтоқ Бекарыс Елтоқұлы
Хатшысы - Жумабаева Айгерим Кайыржановна
Комиссия мүшелері:
Дусипов Зейнұлла Бақдаулетович
Калиева Меруерт Канатовна
Нәженов Аманбек Бектемірұлы
Сақтаған Ақмарал Убайдуллақызы

№ 193 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарауылкелді ауылы, Құрманғазы көшесі, №98, «Қарауылкелді орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71345) 22-6-76
Комиссия төрағасы - Койшығұлова Канат Маркабаевна
Төрағаның орынбасары - Емберген Айбек Әбілқайрұлы
Хатшысы - Абинаймова Сандуғаш Амырхановна
Комиссия мүшелері:
Қалдыбай Ақнұр Серікбайқызы
Набиева Гүлмира Калиевна
Канатбаева Марина Асановна
Курманова Гүлфайруз Камбаровна

№ 194 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарауылкелді ауылы, С.Жиенбаев көшесі, №9, «№2 Қарауылкелді орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71345) 22-0-49
Комиссия төрағасы - Ажимкин Мейрамбек Мендигүлович
Төрағаның орынбасары - Молдатурин Нұрлан Нысандықович
Хатшысы - Белекова Жансая Әмірзаққызы
Комиссия мүшелері:
Биржарова Анар Кереевна
Жумакулова Амангүл Жолдиевна
Қурманғалиев Сәкен Жетпісбаевич
Көшерова Гүлмира Рахмедоллаевна

№ 195 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Қарауылкелді ауылы, Ө.Төленов көшесі, №15А, «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71345) 23-5-73
Комиссия төрағасы - Аденов Нұрлыбек Айсәулі
Төрағаның орынбасары - Тәжікова Гүлмира Қыдырбайқызы
Хатшысы - Қожина Перизат Исабекқызы
Комиссия мүшелері:
Байғожа Назгүл Елемесқызы
Сақтағанов Күмісқали Ұбайдуллаұлы
Түленов Мырзабек Жолдыбаевич
Түремуратов Газиз Тажигосович

№ 196 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Көкбұлақ ауылы, Сарытөбе көшесі, №27, «Көкбұлақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8(71345) 74-4-79
Комиссия төрағасы - Ержанов Гизат Жарылғасынович
Төрағаның орынбасары - Бекбаев Ануар Султансиықович
Хатшысы - Шаултаев Маратқали Қурманғалиевич
Комиссия мүшелері:
Жуманиязова Уркия Жеткергеновна
Спан Света Айдарханқызы

